


## НУКУС ҚАЛАСЫНДАҒЫ САМАРҚАНД МЕМЛЕКЕТТІК ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ МЕДИЦИНА, МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛИАЛЫНДА

Халықаралық келісім шарттар шеңберінде академиялық мобилдік бағдарламасы бойынша Қазақ ұлттық аграрлық университеті «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры Мауланов Амангельды Заманұлы білім беру және ғылыми ізденістер жұмыстарымен тәжірибе алмасу мақсатында 2023 жылы 11-16 қыркүйек аралығында Нукус қаласындағы Самарқанд мемлекеттік ветеринариялық медицина, малшаруашылығы және биотехнология университеті филиалының арнайы шақыртуымен іс сапарда болып қайтты. Іс сапар барысында профессор Мауланов А.З. филиал директоры А.Т. Есимбетовпен және ветеринария факультетінің профессорлік – оқытушылар құрамымен кездесіп өз тәжірибесімен бөлісті.



Филиал директоры А.Т. Есимбетовпен кездесу



Ветеринария факультетінің профессорлік – оқытушылар құрамымен кездесіп өз тәжірибесімен бөлісуі

Сонымен қатар, профессор Мауланов Амангельды Заманұлы ветеринария факультетінің 3 курс студенттеріне осы филиалдың оқу жоспарына сәйкес «Патологиялық анатомия және соттық ветеринария» пәнінен 42 сағат дәріс оқыды және жануарлар өлекселерін сойып зерттеуден практикалық «шеберлік сабағын» өткізді. Өзбек республикасы Нукус қаласының жергілікті телевидениясына және радиосына осы іс сапардың негізгі мақсаттары туралы ақпараттармен бөлісті.



Ветеринария факультетінің 3 курс студенттеріне «Патологиялық анатомия және соттық ветеринария» пәнінен дәріс оқу барысы



Жануарлар өлекселерін сойып зерттеуден практикалық «шеберлік сабағы»